

АЛҒЫ СӨЗ

Кұқықтың сансыз қайнар көзін мұқият зерттегеннен кейін де толық айқындалмаған құқықтық ережеге «өз мақсатына сай емес» деп мін тағуға болады.

Ағылшын келісімшарт құқығы ережелеріне қатысты қысқа да нұсқа түсініктеме берудің үш себебі бар: құқықтың осы саласын жете ұғынып, оны басқаларға дұрыс жеткізген жөн; салаға қатысты мәселелерді ақылға қонымды деңгейде талқыға салған абзал; заң кеңесшілері, келіссөзге қатысушылар мен даулы сот істеріне қатысушы тараптардың заң ережелерін дұрыс, жүйелі және бірізді тәртіппен қолдануын қамтамасыз ету қажет.

Оқырмандарға ұсынылып отырған келісімшарт ережелерін меңгеруді күрделендірмеу үшін, оларды жөн-жосықсыз егжей-тегжейлі сипаттауды жөн санамадық. Дегенмен бұл ережелердің мамандарға сенімді нұсқаулық қызметін атқаратынын көздеп, оларға үстірт түсіндірме берудің теріс әсері тиетінін де ескеруге тырыстық.

Кітапта ережелерге (оның ішінде бес жалпы қағидаға) қосымша түсіндірме беріліп, оқуға өзге әдебиеттер де ұсынылған.

Бұл еңбектің қалың оқырман қауымға (Англия мен Уэльстегі, ортақ құқық қағидалары қолданылатын және қолданылмайтын басқа да елдердегі заңгерлер (адвокаттар, судьялар), іскер топ өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, құқықтанушылар, ғалымдар, студенттер мен қатардағы азаматтарға) пайдасы тиеді деген сенімдеміз.

Кітап болып шыққан бұл жоба – автордың Еуропа, Оңтүстік Америка және Азиядағы азаматтық құқық мәселелерімен айналысып жүрген мамандарды ағылшын келісімшарт құқығымен таныстыру жолындағы қызметінің нәтижесі. Әрине, алға қойған мақсатқа жету жолы жеңіл емес. Ағылшын келісімшарт құқығы көбінесе прецеденттерге, яғни жетекші соттар шығарған шешімдерге негізделген. Алайда мұндай шешімдердің әдетте ұзақ әрі оқып-түсінуге қиын екені рас. Заң жөнінде арнайы білімі жоқ адамға (оның ішінде ұдайы сарапшы немесе арбитр болып қызмет атқаратындарға) осы сияқты мәліметтерді жинаудың өзі шамасы келмейтін іске кірісумен бірдей. Тәжірибелі заңгерлердің өздері нақты бір мәселеге қатысты заң ережелерін дәл анықтап табуға қиналады, өйткені бұл – көп уақыт пен ерен күш жұмсауды қажет ететін жұмыс. Келісімшарт ережелерін табуын (заң ережелерін қандай да бір күрделі сот ісіндегі нақты жайтқа қатысты қолданбас бұрын) қымбатқа түсетіні, олардың қысқа да түсінікті сипаттамасын берудің қиынға соғатыны да осыдан болар.

Келісімшарт құқығына арналған жалпы түсіндірме сипатындағы еңбекте нақты келісімшарт (мысалы, сатып алу-сату, жұмысқа жалдау, сақтандыру туралы) түрлерін және оларға тән ерекшеліктерді толық қамту мүмкін емес. Сондықтан келісімшарт құқығы саласының негізгі тақырыптары деп танылмайтын мәселелерге қатысты мынадай шешім қабылдауға мәжбүр болдық: төлем қабілетсіздігі тақырыбы (талаптарды есепке алудың бір түрі болғандағы жағдайларды

қоспағанда, 197-бап); әділдік құқығына сай міндеттемелер мен сенімгерлік меншіктен туындаған құқықтар (заңға немесе сот шешіміне сай сенімгерлік меншікті, 7(I) бап және міндеттемелерге (promise) сай сенімгерлік меншікті (88-бап) қоспағанда) қарастырылмайды.

Келісімшарт құқығының деликтілік құқық (7, 71, 75, 86, 118 және 139-баптар), жер құқығы (32 және 33-бап), сенімгерлік меншік құқығы (88-бап), дәлелдеу және процедура ережелері (4, 89, 90, 97, 99, 109, 110, 197 және 198-баптар), арбитраж (99-бап), сондай-ақ медиациямен (99-бап) өзара тоғысатын ережелері бар.

Нил Эндрюс,
Клэр колледж, Кембридж, Ұлыбритания
nha1000@cam.ac.uk
2016 жылғы наурыз